

18. 10. 2024

№502-3202

**«Астана даму орталығы»  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің  
кейбір мәселелері туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заны 27-бабы 1-тармағының 22) тармақшасына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заны 9-бабының 18-1-тармағына және 9-1-бабына сәйкес Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Астана даму орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – серіктестік) елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуына, іскерлік туризмді дамытуға, сондай-ақ елорданы халықаралық көрмеге дайындауға жәрдемдесетін үйым болып белгіленсін.

2. Серіктестік қызметінің негізгі мәні: елордада іскерлік туризмді дамытуға ықпал ететін іс-шараларды ілгерілету, туристік дестинацияны дамыту шеңберінде инвестицияларды тарту және жобаларды іске асыру, инвестиацияларды тарту үшін инвестициялық жобаларды сүйемелдеу мәселелері бойынша уәкілдемі органдармен және өзге де үйымдармен өзара іс-қимыл жасау, елорда брендін ілгерілету және инвестиациялық қызмет мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету болып белгіленсін.

3. «Инвестицияларды тарту және инвесторларды сүйемелдеудің кейбір мәселелері туралы» Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 502-140 қаулысы 1-тармағының 2-абзацы алынып тасталсын.

4. «Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.С. Глотовқа жүктелсін.

**Әкім**

«Астана қаласы әкімінің аппараты» ММ  
Мемлекеттік-құқықтық бөлімі

**Ж. Қасымбек**

Астана қаласы  
әкімдігінің және әкімінің актілері үшін